

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы
бойынша талдамалы анықтама
Ішкі талдау объектісінің толық атауы:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«Рауан» бөбекжай-бақшасы»
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Ішкі талдау жүргізудің негізі:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауы 4-тармағы, Қалалық білім бөлімінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі №03-04-01-12/563 шығыс хатын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1.«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Рауан» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі жоспарлансын.

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы келесі құрамда құрылсын.

Құрамы:

Л.Д. Жұмағалиева – директор, жұмыс тобының төрайымы;

Г.Ж. Косубаева – әдіскер, жұмыс тобының жетекшісі;

Н. Беделбекова – психолог, жұмыс тобының мүшесі;

С. Утеғалиева – тәрбиеші, жұмыс тобының мүшесі;

Г.Джумагазиева – хатшы.

3.Жұмыс тобы бөбекжай-бақшаның қызметкерлерін ҚР Үкіметінің нормативтік-құқықтық базасымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларымен және ережелерімен таныстырсын.

4.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде формализмге жол берілмесін.

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрышар жасақталсын және жетілдірілсін, оларға:

-мектепке дейінгі ұйымның жұмыс режимі туралы нормативтік актілер мен нормативтік базаның анықтығын қамтамасыз ететін ережелер мен стендтер;

-ұйым меңгерушісінің азамттарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі мен тәртібі;

-азаматтардың өтініштері бойынша жапсырылған жәшік қолжетімді жерде орналасуы.

6.2021-2022 оқу жылына «Рауан» бөбекжай-бақша КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары әзірленіп, қолданысқа енгізілсін.

7.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат «Рауан» бөбекжай-бақшасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2021 жылдың I жартыжылдығы

Мектепке дейінгі ұйым қызметіне қатысты нормативті-құқықтық актілер:

-Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу туралы» Қағидасының 22 тармағына сәйкес «ТӨБЕ ААЖ-ҒА (АИС ЕУСС)» жүйесіне келіп түскен өтініштердің салыстыру актісін әр ай сайын жолдап отырмыз.

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 [«Білім туралы»](#) Заңының 63-бабы 2-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, Қалалық білім бөлімінің 2018 жылғы 29 қарашасындағы №378 бұйрығын негізге ала отырып -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығы.

-«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша нормативтік құқықтық актілердің нормалары арасында қайшылықтар, коллизиялар мен оқшылықтар, нормалардың қайталануы, сыбайлас жемқорлық әрекеттерді жасау және (немесе) шешім қабылдау мүмкіндігін туғызатын сыбайлас жемқорлыққа бейім нормалар (норма ақаулары) анықталмады.

«Білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар туралы» «ANTIROR.LIVE» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ «Facebook» әлеуметтік желісінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда сағ:19:00де Тікелей эфирде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпаратты бөбекжай-бақшасының директоры Жұмағалиева Лиза Дүйсенбіқызы тікелей эфирден, яғни бақшаға қатысты және оқу процесіне қатысты сұрақтар бойынша есеп беріп өтті. Сонымен қатар ата-аналарға онлайн сауалнама беріліп, нәтижесі басшылық пен қызметкерлер арасында талқыланды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру бойынша 2020-2021 оқу жылына арналған бағдарламаны ұжым мүшелеріне таныстырып, жоспарлы өткізудеміз. Әрбір қызметкер өз лауазымын бұлжытпай орындап заң бұзушылықты болдырмау, қаржы мәселесінде келеңсіздікке жол бермеу, мүлікті бүлдірмеу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Қызметкерлерге арналған «Жемқорлық – ғасыр дерті» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметі: ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 2021 жылғы 5 наурыздағы №982, №776 осы хатында көрсетілген жайттар бойынша «Рауан» бөбекжай-бақшасының педагогтарынан Ұлттық біліктілік тестілеу кезінде тәртіп бұзушылық яғни тыйым салған заттар анықталмады.

Қызметкерлерді басқару бағыты, соның ішінде кадрлар алмасушылығы бойынша: Қазіргі таңда штат саны - 40 бірлікті құрайды.

Нақты сан - 36 адам,

бала күтімі демалысында отырған қызметкерлер саны - 4 адам

2021 жылдың жұмысқа кірген адамдар саны - 5, жұмыстан шыққаны - 2

Бос орындар лауазымы бойынша «Электрондық еңбек биржасы» www.enbek.kz порталында уақтылы жарияланып тұрады.

- жемқорлық құқық бұзушылық – жоқ;

- мектепке дейінгі ұйымға сенім білдірмейтін тәртіптік қылықтар – жоқ;

- сотталушылар – жоқ.

- Прокурорлық қадағалау және сот актілері орын алған жоқ.

Мүделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша: «Рауан» бөбекжай-бақшасы КМҚК қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы, теріс түсінік деректері анықталған жоқ

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру

«Рауан» бөбекжай-бақшасы КМҚК рұқсат беру функциялары жоқ.

Бақылау функцияларын жүзеге асыру

«Рауан» бөбекжай-бақшасы КМҚК бақылау функциялары жоқ.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің ұсынысына сәйкес «Рауан» бөбекжай-бақша КМҚК ата-анадан ақша жинауға тыйым салу, ата-аналарға арналған бұрыштарға және көрнекі жерлерге жадынамалар, ұсыныс-тілектеріне арналған жәшік ілінді.

Талданған мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Мемлекеттік сатып алулар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсанындағы № 648 «Мемлекеттік сатып алулар жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы ережелеріне сай жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар электронды түрде мемлекеттік сатып алулардың веб-порталы арқылы жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Келісімшарт жасаудың тек қана электронды форматта болуы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы

толық және сенімді ақпаратты веб-порталда қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын анықтауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік сатып алулардың ашықтығына және оңайлатылуына бағытталған электронды келісімдер мен басқа да нормаларды енгізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелін ықшамдауға мүмкіндік берді.

Талданған мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалы анықтамасы белгіленген тәртіпте <http://ds-rauan.goroo-atyrau.kz/> сайтында орналастырылатын болады.

Ұсыным:

- 1) «Рауан» бөбекжай-бақша КМҚК уақытша бос орын «Электрондық еңбек биржасы» www.enbek.kz порталында уақытылы орналастыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 2) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шараларын алу туралы іс-шаралар, ата-аналарға түсінік жұмыстары ұйымдастырылсын; семинар-практикум, баяндама, кеңес.
- 3) «Рауан» бөбекжай-бақшасы КМҚК бойынша 2021-2022 жылдың жартыжылдығына ішкі талдау жүргізу жұмыстарының нәтижелері интернет-ресурсқа орналастырылсын.

Л.Д. Жұмағалиева – директор, жұмыс тобының төрайымы;

Г.Ж. Косубаева – әдіскер, жұмыс тобының жетекшісі;

Н. Беделбекова – психолог, жұмыс тобының мүшесі;

С. Утеғалиева – тәрбиеші, жұмыс тобының мүшесі;

Г. Джумағалиева – хатшы.